

Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 тамыздағы № 906 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының республикалық мемлекеттік кәсіпорындары (бұдан әрі - кәсіпорын) осы қаулының қосымшасына с ә й к е с қ а й т а а т а л с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының Медициналық орталығы кәсіпорындарға және «Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының базалық дәріханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық жөніндегі уәкілетті орган болып б е л г і л е н с і н .

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) заңнамада б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

1) кәсіпорындар мен «Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының базалық дәріханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғыларына тиісті өзгерістерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне б е к і т у г е е н г і з с і н ;

2) кәсіпорындардың мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі *Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*
К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 4 т а м ы з д а ғ ы
№ 9 0 6 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының қайта аталатын республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесі

1. «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Орталық клиникалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік

кәсіпорны «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының Орталық клиникалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына.

2. «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына.

3. «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазіргі заманғы медициналық технологияларды енгізу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қазіргі заманғы медициналық технологияларды енгізу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына.

4. «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына.